



Екпе аралықтары

- - Бір уақытта бірнеше вакцина екпесін егуге болады. Егерде вакциналар бір уақытта енгізілмесе, тірі вакциналардың егу аралығы кем дегенде 4 апта болу қажет. Тірі және өлі вакциналар енгізу аралығы сақталмайды.
- - Эпидемиологиялық көрсеткіштерге байланысты ОПВ вакцинасы мен ККП вакцинасының аралығы 4 апта болу қажет емес
- - Сары безгек және холераға қарсы вакцинасын бірге енгізуге болмайды.

- Иммуноглобулин енгізген соң, қызылша, паротит моновакцинасы, сонымен қатар комбинирленген ККП вакцинасы минимальді түрде 3 айға кешіктіріледі. АКДС, АДС, БЦЖ, Полиомиелит вакцинасын интервалсыз енгізіледі.
- - БЦЖ, қызылша, паротит, қызамық, полиомиелит, ККП вакцинасын енгізген соң иммуноглобулиндер 2 аптадан соң енгізіледі. АКДС, АДС, АДС-М, АД-М препараттары интервалсыз енгізіледі;
- - Тірі вакциналарды иммуносупрессивті терапия аяқталғаннан соң 3 айдан кейін енгізеді;
 - Манту пробасын карантин аяқталғаннан соң және 2 айдан кейін барлық клиникалық симптомдар жойылған соң жүргізеді. Алдында қткізілген екпемен аралыңы 2 ай болу қажет.

Жасына байланысты екпе алмаған балалардың иммунизациялау тактикасы

- Жасына байланысты емес, егерде бала ерте екпе алмаған немесе екпелер туралы мәліметтер жоғалған болса, бала біріншілікті вакцинациялық комплекс, туберкулезге, полиомиелитке, қызылша, қызамыққа, паротит, дифтеріяға қарсы екпелер алу қажет. Егерде иммунодиагностикалық препараттар болатын болса, баланың иммундық статусын анықтау мақсатында, зерттеулер жүргізуге болады.

Иммунизация бойынша ерекше жағдайлар

- - АКДС 3 және АКДС 4 аралығы 1 жылдан аспау қажет;
- - АКДС вакцинасының дифтерияға қарсы көрсетілімдері болса, онда келесі вакцинацияны дифтериялық компонентінсіз АДС анатоксинмен жүргізу қажет. АДС –М балалардық біріншілікті иммунизациясына жарамсыз.
- - 12 жаста ревакцинация тек АД-М препаратымен жүргізілуі қажет;
- - Екпе алмаған, 7 жастан асқан және ересек адамдар – 2 АДС-М препаратының екпесімен егілуі қажет. Аралығы 4 апта, 3 ші екпе 6 айдан соң;
- - Травма алған жедел жағдайларда сіреспеге қарсы препарат ретінде АДС-М анатоксин қолданған тиімді. Көрсеткіштері және неше рет енгізуі екпелік травматикалық статусқа байланысты.

- - 15 жастан асқан адамдарда, вирусты гепатит В ға қарсы екпе, тек ВГВның алдын ала маркерлік диагностикасы өткізгеннен кейін жүргізеді. Егерде зерттеу нәтижесі оң болса, ВГВ вакцинасы енгізілмейді;
- - иммундық жауап әлсіз болуымен байланысты, иммуносупрессивті ем қабылдайтын және онкогематологиялық науқастарға ВГВ вакцинасының дозасы 2 еселенеді. Қосымша ревакцинацияны 6 ай өткеннен соң жүргізеді;
- - барлық балаларға, АКДС вакцинасын еккеннен кейін, 1 сағаттан соң, әрбір 6 сағат сайын парацетамол берілуі жөн. Тек күніне 4 реттен көп емес, 10-15 мг 1 кг салмаққа, 1-3 күн.
- - Туберкулезге қарсы екпе, басқада парентеральды енгізілетін манипуляциялармен жүрмеуі керек;
- - Қан ұйылу бұзылыстары (гемофилия) бар науқастарға екпелер, теріастына және терішіне енгізілуі қажет;

- Мезгілсіз вакцинациялауда комбинирленген вакцина ККП және комбинирленген вакцина құрамында АКДС болса, бірге енгізуге болмайды;
- - ЖРВИдың жеңіл дәрежесінде, жедел ішек ауруларында екпелер температура қалыпқа келгеннен соң енгізілуге болады;
- - Инфекциялық аурумен ауыратын адаммен контакт, карантин жоспарлы екпе жүргізуге қарсы көрсеткіш болып табылмайды.